

Балаларға әскери-патриоттық бағытта қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары басшылары республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысының ұсыныстары

2015 жылғы 24 маусым

Тараз қ.

Заманауи білім беру кеңістігінде патриоттық тәрбие білім алушылардың жоғары патриоттық сана-сезімін, өз Отанына деген адалдық сезімін, өзінің азаматтық парызын орындауға талпынысын қалыптастыру бойынша жүйелі және мақсатты қызмет ретінде анықталады.

Өмірдің барлық салаларында технологиялардың және инновациялардың дамуын ескере отырып, жинақталған үздік тарихи тәжірибемізге сүйене отырып, патриоттық және әскери-патриоттық тәрбие берудің жаңа заманауи жүйесін қалыптастыру қажет.

Балаларға патриоттық тәрбие беру жұмысында өз еліне деген мақтаныш және сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге, патриот-азамат қасиеттеріне ие тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға мән берген жөн.

Үйлестіру кеңесінің отырысында Елбасының «Стратегия-2050» халыққа Жолдауында белгіленген жаңа қазақстандық патриотизм туралы міндеттерді іске асыру мәселелері бойынша білім беру органдарының және ұйымдарының түрлі құрылымдармен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекеттесу, әскери-патриоттық бағдарламаларды іске асырушы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылды.

Жұмыс нәтижесінде үйлестіру кеңесіне қатысушылар келесі ұсынымдарды қабылдады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне:

1) балаларға патриоттық тәрбие беруді дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Ішкі істер, Мәдениет және спорт министрліктерімен өзара жүйелі іс-әрекетті қамтамасыз ету;

2) балаларға қосымша әскери-патриоттық білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) облыстар, Астана мен Алматы қалалары білім басқармаларының мәліметтері негізінде әскери-патриоттық клубтар және бірлестіктер жөнінде мәліметтер базасын жаңарту;

4) әскери-патриоттық клубтар және бірлестіктер қызметінің тәжірибесін жинақтау, талдау және жалпылау бойынша жұмыс жүргізу;

5) әскери-патриоттық бағытта балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырушы ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету;

6) әскери-патриоттық бағытта республикалық іс-шаралардың санын ұлғайту мәселесін қарастыру;

7) әскери-патриоттық бағыт бойынша қосымша білім беру педагогтерінің біліктіліктерін арттыру курстарын тұрақты негізде өткізу.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына:

1) Елбасының «Стратегия-2050» халыққа Жолдауында белгіленген жаңа қазақстандық патриотизм туралы міндеттерді іске асыру бойынша білім беру органдары мен ұйымдарының түрлі құрылымдармен, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдармен өзара жүйелі іс-әрекетін қамтамасыз ету;

2) білім беру ұйымдарының жанында, сондай-ақ дербес заңды тұлға ретінде әскери-патриоттық клубтар санын ұлғайту мәселесін қарастыру;

3) білім беру ұйымдары білім алушыларының республика мұражайларына, көрмелеріне баруын ұйымдастыру;

4) әскери-патриоттық бағытта өңірлік іс-шараларды өткізу бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастыру;

5) әскери-патриоттық клубтар, бірлестіктер туралы мәліметтер базасын жаңарту және тиісті ақпаратты 2015 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей ұсыну;

6) балаларға қосымша білім берудің әскери-патриоттық бағытын дамыту бойынша ақпараттық-насихаттау жұмыстарын қамтамасыз ету.

Әскери-патриоттық клубтардың жетекшілеріне:

1) патриоттық тәрбиемен айналысатын әскери бөлімдермен, ұйымдармен өзара іс-әрекетті тұрақты негізде қамтамасыз ету;

2) «Жас Ұлан», «Алау» әскери-патриоттық ойындарының өңірлік кезеңдерін өткізуге ықпал ету;

3) қосымша білім беру педагогтерін ҚР БҒМ РҚББОӘО-ның алғыс хаттарымен мадақтау бойынша ұсыныстар енгізу;

4) «Жас Ұлан» және «Алау» республикалық ойындарының ережелерін жаңарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) балаларға патриоттық тәрбие беру бойынша сырттай байқауларды өткізу ережелерін білім алушылардың назарына уақытылы жеткізу;

6) өз қызметтері туралы ақпаратты www.ziyatker.org сайтында орналастыру үшін тоқсан сайын ҚР БҒМ РҚББОӘО-ға жолдау;

7) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдары мен педагогтердің үздік тәжірибесі туралы ақпаратты республика бойынша тарату үшін үнемі енгізіп отыру;

8) әскери-патриоттық клубтар мен мұражайлардың қызметі туралы мәтіндік ақпаратымен қоса төлқұжаттарын 2015 жылғы 15 шілдеге дейін ұсыну.

Рекомендации
расширенного заседания Республиканского координационного
совета руководителей организаций образования, реализующих
программы дополнительного образования детей военно-
патриотического направления

24 июня 2015 года

г. Тараз

В современном образовательном пространстве патриотическое воспитание понимается как системная и целенаправленная деятельность по формированию у обучающихся высокого патриотического сознания, чувства верности своей Родине, стремления к выполнению гражданского долга.

Учитывая развитие технологий и инноваций во всех сферах жизни, необходимо формировать новую современную систему патриотического и военно-патриотического воспитания, опираясь на все лучшее, что накоплено нашим историческим опытом.

В деятельности организаций образования по патриотическому воспитанию детей необходимо делать акцент на воспитании чувства гордости за свою страну и любви к ней, формирование и развитие личности, обладающей качествами гражданина-патриота.

На заседании координационного совета обсуждены вопросы взаимодействия органов и организаций образования с различными структурами, неправительственными и общественными организациями по вопросам реализации задач, обозначенных Главой государства в Послании народу «Стратегия-2050» о новом казахстанском патриотизме, повышения эффективности деятельности организаций, реализующих программы военно-патриотического воспитания.

По итогам работы участниками координационного совета выработаны следующие рекомендации.

Министерству образования и науки Республики Казахстан:

1) обеспечить системное взаимодействие по вопросам развития патриотического воспитания детей с министерствами Оборона, Внутренних дел, Культуры и спорта Республики Казахстан;

2) подготовить рекомендации по повышению эффективности деятельности организаций образования, реализующих программы дополнительного военно-патриотического образования детей;

3) обновить базу данных о военно-патриотических клубах и объединениях на основании данных управлений образования областей, городов Астана и Алматы;

4) провести работу по сбору, анализу и обобщению опыта деятельности военно-патриотических клубов и объединений;

5) оказывать методическую помощь организациям, реализующим программы дополнительного образования детей по военно-патриотическому направлению;

6) рассмотреть вопрос увеличения количества республиканских мероприятий военно-патриотического направления;

7) проводить на постоянной основе курсы повышения квалификации педагогов дополнительного образования по военно-патриотическому направлению.

Управлениям образования областей, городов Астана и Алматы:

1) обеспечить системное взаимодействие органов и организаций образования с различными структурами, НПО, общественными организациями по вопросам реализации задач, обозначенных Главой государства в Послании народу «Стратегия-2050» о новом казахстанском патриотизме;

2) рассмотреть возможность увеличения количества военно-патриотических клубов как при организациях образования, так и самостоятельных юридических лиц;

3) организовать посещение музеев, выставок республики обучающимися организаций образования;

4) организовать системную работу по проведению региональных мероприятий военно-патриотического направления;

5) обновить базу данных о военно-патриотических клубах, объединениях и представить соответствующую информацию не позднее 15 июля 2015 года;

6) обеспечить информационно-пропагандистскую работу по развитию военно-патриотического направления дополнительного образования детей.

Руководителям военно-патриотических клубов:

1) обеспечить на постоянной основе взаимодействие с воинскими частями, организациями, занимающимися патриотическим воспитанием;

2) оказывать содействие в проведении региональных туров военно-патриотической игры «Жас Ұлан», «Алау»;

3) внести предложения по поощрению педагогов дополнительного образования благодарственными письмами РУМЦДО МОН РК;

4) внести предложения к обновлению правил республиканских игр «Жас Ұлан» и «Алау»;

5) своевременно доводить до сведения обучающихся Правила проведения заочных конкурсов по патриотическому воспитанию детей;

6) ежеквартально направлять в РУМЦДО МОН РК информацию о своей деятельности для размещения на сайте www.ziyatker.org;

7) постоянно вносить информацию о лучшем опыте педагогов и организаций образования, реализующих программы дополнительного образования детей, для распространения по республике;

8) представить к 15 июля 2015 года паспорта с текстовой информацией о деятельности военно-патриотических клубов и музеев.